

АНА ТІЛІ

Ғалим Тазабаев

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Кәусар Қиял

Жазушы С.Ғаббасов «Кәусар» романының тақырыбын жан-жақты ашу үшін және қойылған идеясын оқырманға жеткізу үшін үш тарауға бөлген. Олар жазушы қиялындағы оқиғаны табиғи жүйеге келтірген. Туынды идеясы оқиғаға араласқан романның Зерде ғұлама, Ұлан, Арыстан, Іңкәр, Дос, Жанар, Нар, Дарын, Жібек, Баян сияқты кейіпкерлердің қақтығыстары арқылы жүзеге асады.

Өмір шындығы – шығарма объектісі болса, пәні – сол шындықтың мазмұнына айналған аталған кейіпкерлер. Оқиға алдағы XXIII ғасырдың алғашқы жартысында болмақшы. Романның басты кейіпкерлері – Зерде ғұлама мен оның шәкірті Ұлан дүниеге ғажап жаңалықтар әкелді. Олар: біріншіден, жасанды қан өндірді, екіншіден, адамның ас қорытатын органдарына мыңдаған талшықтардан құралған биометраны ойлап табады; үшіншіден, адамға қоректік тағам ретінде қолданатын жасанды ақуыз – адам үшін таусылмайтын нәр табады. Оны «Кәусар» деп атады. Кәусар – араб сөзі. Таза, мөлдір су деген мағынаны береді. Ауыспалы мәні – тіршілік нәрі деген ұғым. Кәусар – романда қалдықсыз қорек деп аталады. Қалдықсыз қорек адам организміне тамақ сияқты тірек болса, бір ғажабы онда – адамның жейтін тамағынан бөлінетін қалдық болмайды. Қарапайым тілмен айтқанда, адамдардың тағамсыз өмір сүру мүмкіндігіне жеткізіледі. Романның бірінші бөлімінде осы жаңалықтардың бастама жай-күйі баяндалады. Мұны тәжірибе алмасу үшін Феникс аралынан ғылыми делегация басқарып келген Жан Жак Маро мен ғылыми жаңалық авторларының бірі Ұлан Асанұлының арасындағы әңгіме-сұқбаттан ұғамыз. Шетел делегациясы қазақ жерінде жасалған ғылыми жетістіктерді жоғары бағалайды. Алайда олардың бір кемшілігі – жануарларға жасалған тәжірибелер сәтсіздіктерге ұшырай береді. 2229 жылы «Атилла» космос кораблімен экспедиция басқарып, алыс жұлдыздарға сапар шеккен Зерде ғұламаның мүлде хабар-ошарсыз кеткендіктері сөз арасында айтылып, мұңая еске алынатын. Ғалым Ұлан Асанұлының сүйген қызы – Іңкәрдің әкесі әрі өзінің сүйікті ұстазы Зерде ғұламаның ұшты-күйлі космос кеңістігіне сіңіп жоғалғаны жердегілерді қайғы-мұңға батырады.

Романның екінші бөлімінде жазушы өз оқырманын космос әлемінде болып жатқан оқиғаларға алып келеді. «Атилла» атты космос кораблі сағатына 200 мың километр адам айтқысыз жылдамдықпен ұшып келе жатқан ғаламшараралық алып кеме алуан құралдармен жабдықталған, онда бірнеше зертханалық бөлмелермен қабат корабль капитанынан бастап, әрбір экспедиция мүшелерінің космос кемесін басқару бөлмесі өз алдына, жұмыс бөлмелері мен демалатын орындары да, тіпті көру залдары да бар.

Экспедицияның негізгі мақсаты – күннің өзін 250 жылда бір айналып қана шығатын, күн системасындағы ең шалғай ғаламшар Плутонды ең

алғаш жан-жақты зерттеп қайту және космос жағдайында адам организмін жетілдіруге байланысты ашылған ғылыми жаңалықтарды жүзеге асыру жолында зертханалық жұмыстар жүргізу. Себебі әлем кеңістігінің бір ғажабы істелетін тәжірибе жұмыстары оңайланып, химиялық реакциялардың өзі басқаша заңдылықтарға бағынып, адам қабілетінің сипаты әлдеқайда қуаты мол күйге ауысатын тәрізді. Ойлау жүйесі мен жылдам шешім қабылдау қасиеттері де жаңаша сапаға ие болатындығы байқалады. Ұйқының өзі де екі еседен астам азайып кететін көрінеді.

Жердегі ашылған жаңалық космоста жалғасын табады. Космостағы тәжірибенің басы корабль капитаны Арыстанның өзімен бірге алып ұшқан екі итіне жасалады. Әуелі біреуінің асқазан, ішек органдарына биомембрана сіңіріледі де, қалдықсыз қорек беріледі. Екінші ит те осы тәжірибені бастан кешіреді. Жануарлар өздерін өте жақсы сезінеді және еш тамақ іздемейді. Осылайша тәжірибе сәтті өткеннен кейін, Зерде ғұламаның көмекшілері биомембрананы өздеріне қабылдайтындықтарын жариялайды. Зерде ғұлама бұл әрекетті ғылыми ізденісті адам организмінде жүзеге асырып, нәтижеге жету жолындағы ерлік деп бағалайды. Сөйтіп, экспедицияның басқа мүшелері де түгел Зерде ғұлама бас болып биомембрананы қабылдап, бәрі де қалдықсыз қорекке көшеді. Бұл, бір жағынан, белгілі уақытқа ғана есептелген кемедегі азықтың таусылуына қарсы жасалған әрекет те болатын. Экспедиция сапары белгіленген мерзімнен ұзаққа созылып, жерге хабарласудың мүмкіндігі болмай, хабар-ошарсыз кеткен еді. Бұған себеп – күн системасындағы алыс ғаламшар – Плутонға жол түзеген кезде белгісіз бір күш корабльді басқарылу еркінен айырып, тежету бермейді. Экспедиция мүшелерінің биомембрана мен қалдықсыз қоректің – кәусарды қабылдаудың нәтижесінде жылдар бойына ешқандай азықты қажет етпейді. Зерде ғұламаның кемеңгерлігінің нәтижесінде басы тарту бермеген космос арғымағының ұзақ ұшуының бір қауіпті мәселесі шешілген болатын.

Космос кораблінің тежеуге бағынбаған жылдамдығы сағатына 800 мың км болып, Күн жүйесінен шығындап, Альфа галактикасынан бір-ақ шығады. Ақырында, өзімен айналған 9 серігі бар зор ғаламшарға жақындаған шақта, жөнделген тетік іске қосылып, ғаламшар серіктерінің біріне кеме келіп қонуға мүмкіндік алады. Жер бетіндегі космос зерттеу ғылымына еш белгісіз, ғажайып ғаламшардың ерекшеліктері бар екен. Ғаламшар да, оның серіктері де жылдың төрт мезгілі дегенді білмейді. Жасыл орман, алуан өсімдікке мәңгі бөленіп тұрады екен. Жердегі өсімдіктер жемісін жан-жануарлар қорек ететін желегі әр нәрін ауа арқылы таратады. Бұл Зерде ғұлама зерттеп тапқан қалдықсыз қоректің нағыз өзі болып шықты. Ғалым нәрлі белокты қолдан өндірген болса, табиғаттың дайын кәусары осы ғаламшарда екен. «Іздегенге – сұраған» дегендей ғалымның жерден іздегені

космостан табылады. Зерде экспедициясы солайша тегін кәусарға қарық болады. Ғалым-космонавтар ғаламшар бетіндегі нәр құрамын әбден зерттеп, дүниеде теңдесі жоқ жаңалықтар ашады. Он жыл хабарсыз кеткен кеме аман-есен туған жерге оралады. Сонымен, Ғаббасовтың «Кәусар» атты романы адамзат ғалымдарының алдына маңызды мәселе ұсынған. Бұл – ғалым ғана емес, әр қарапайым адамды елең еткізер ғажап. Себебі тіршілік дүниесі пайда болғаннан бері Қызыл өңешті қанағаттандыру жайы қай-қай кезде де көлденең тұрып келеді. Соғыс зардабы бір ғана «тесік тамаққа» байланысты болғанын тарих біледі. Жазушы бұл ғаламатқа да бұғау салуға болады деген идеяны ұсынып, халық назарын шығармадағы қияли болмысқа аударған. Жер – бесігіміз жаралғалы басынан өткізіп келе жатқан жойқын тасқын, жер сілкінісі, зұлмат апаттар түк те емес. Нағыз ақырзаман – жер бетіндегі адамдардың болашақ ғасырларда орасан зор көбейгендіктерінен тағам жетпей, аштық зілзаласының келуі.

Статист ғалымдарының есептеуі бойынша, жер шарындағы әр шаңырақта 2-2-ден ғана перзент көргеннің өзінде, ХХІ ғасырда ғаламшар тұрғынының саны 11 миллиардқа жетеді екен. Ғалымдар жаппай аштық осы ғасырда басталады деп болжам айтуда. Ал адамзат одан кейінгі ғасырларда екі-үш есеге көбейсе, олар ғаламшарды жей бастауы мүмкін ғой. Нағыз ақырзаман осы емес пе?

Ал Советхан романындағы қиял жүзеге асса, мұндай ақырзаманға қарсы құдіретті тосқауыл қойылар еді. Шығарма идеясы осынысымен құнды. Жюль Верн «Айға сапар» атты фантастикалық романымен Ай бетіне жету сияқты халық арманын көркем өрнектеген болатын. Ол жүзеге асты. Ай бетін луноходтар шарлады, Америка космоновтары Ай бетінде алшаң басты. Александр Беляев «КЭЦ жұлдызы» романымен ғаламшарымыздың жасанды жұлдызын ұшырып, онда космоновтардың адам игілігі үшін еңбек еткендерін қиялдап жазған еді. Ол да орындалды. «Кәусар» романындағы қиял да, автор болашағындай, ХХІІІ ғасырда емес, жуық ғасырда жүзеге асқанын қалар едік.

Дәрігер-ғалым дйттеген арман бір ғана кәусар емес, адамды тонналаған тағам арқылы организмге енетін дерттен сақтау, адам өмірін ұзарту, адамның жұмысқа деген қабілетін шексіз арттырып, шалқыған сезім, сарқылмас қажыр-қайратқа ие ету, сөйтіп, адамзаттың әлем құпия сырларын ашып, тіршілік дүние үшін ғылыми игіліктер жасауын қалау. Автор жер бетінде аэромобильдермен қозғалуды, «мың тілді» аппараттарды ойлап табуды, Айдың бетін алыс жұлдыздарға ұшып-қонатын гаваньға айналдыруды, күн системасындағы ғаламшардың бәрін зерттеп болуды, алыс жұлдыздар тіршілігімен тілдесуді армандайды.

Романдағы бірнеше ғасырдан кейінгі өмір көрсетілсе де, қазақи дәстүріміздің қаймағы бұзылмайды. Баяғы сөйлеу дәстүрі, әдет-ғұрып, домбырашылық, әншілік, аңшылық өнер, үлкенге ізет, кішіге құрмет,

ата-баба мұрасын сүйіспеншілікпен қастерлеу жақсы бейнеленген. Ғаламшараралық космос кемесінің сапары үстінде өнерпаз ғалымдар қазақ күйі және әнмен әлем кеңістігін жаңғырықтырады. «Кәусар» романының жарық көргеніне әлденеше жыл өтті. Алайда бірде-бір сыншы бұл шығарма туралы үн қатқан жоқ. Сонымен бірге автор қойған фантастикалық арман еш ғалымның назарына ілінбеді. Бұл дабыл қағатын жағдай. Әйтсе де, «Кәусар» романы қазақ фантастикасында, жалпы фантастикалық дүние әлемінде ерекше орны бар шығарма, себебі, роман қойған мәселе, «Профессор Доуэльдiң басы», «Андромеда тұмандығы», «Солярис» сияқты романдар қойған мәселелерден әлдеқайда құнды дер едім.

**Қадыр Жүсіп,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің
профессоры**